

Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістің мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 тамыздағы N 1159 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.25. N 404 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Былай деп белгіленсін:

1) жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама) сәйкес 1-санатқа жатқызылған мемлекеттің 100 проценттік қатысуымен акционерлік қоғамдар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін дамудың орта мерзімдік индикативтік жоспарларына сәйкес акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер есептеуді жүзеге асырады және тәуелсіз аудиторлық ұйым (аудитор) аудит жүргізілгеннен кейін оларды республикалық бюджетке аударды;

2) Бағдарламаға сәйкес 2-санатқа жатқызылған мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдар заңдарда белгіленген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысының не қоғамның директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерді аударуды жүзеге асырады.

2. Акциялардың мемлекеттік пакеті мен ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік етуді және пайдалануды жүзеге асыратын министрліктер заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың дивидендтерді есептеуінің және аударуының уақытылығы мен толықтығы, сондай-ақ осы қаулының 1-тармағының

2) тармақшасында көрсетілген акционерлік қоғамдардың дивидендтерді есептеу мен аударуының уақытылығы үшін қажетті шаралар қабылдауы;

2) осы қаулының 1-тармағында көрсетілмеген мемлекеттік қатысу үлесімен акционерлік қоғамдар акционерлерінің жалпы жиналысы мен мемлекеттің қатысу үлесімен шаруашылық серіктестіктері қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу кезінде таза кірістен кемінде 50 процентті дивидендтер мен қатысу үлесіне кіріске бағыттауды және олардың уақытылы аударылуы үшін

барлық қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504
қ а у л ы с ы м е н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК